



Автор: Бекмурзаева Гулнара Альмахановна

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Ондық бөлшектерді қосу және азайту есептер шығару

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.27. Ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;
Сабақтың мақсаты:	• Ондық бөлшекті қосу және азайту • Әртүрлі разрядтағы ондық бөлшектерді қосу және азайту.
Тілдік мақсаттар:	• Ондық бөлшектерге арифметикалық амалдар (қосу және азайту) қолдану, алгоритмін түсіндіре алады түсіндіреді Лексика және терминология: • бүтін бөлігі, бөлшек бөлігі; • ондық бөлшек; • үтірмен ажыратылған цифрлар саны; • үтірден кейінгі цифрлар саны; • ондық, жүздік, мыңдық т.с.с. бөліктер; • санды разрядтарға жіктеу; • разрядтық бірліктер; • ондық сандар.
Бағалау критерийлері:	• Ондық бөлшектерді қосады • Ондық бөлшектерді азайтады
Құндылықтарды дарыту:	• Топтық ережеге ұстану; Құрметті топтық жұмыстар арқылы дарыту, топ ішіндегі бір бірін бағалау арқылы жауапкершілікті дарыту. • Сөйлеу мәдениетін дамыту; Өз ойын ашық айта алатын тұлға қалыптастыру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	слайд, интернет тақтасы
Пәнаралық байланыс:	жаратылыстану
Бастапқы білім:	• Ондық бөлшек. • Ондық бөлшектерді оқу және жазу. • Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру. • Ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу. • Ондық бөлшектерді салыстыру.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (10 минут)	I. Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен сәлемдесу (психологиялық ахуал туғызу) Сыныпты геометриялық фигуралармен топқа бөлу Үй тапсырмасын тексеру: Интербелсенді тақтада сәйкестендіру арқылы үй тапсырмасының жауаптарын тексеру Өткен тақырып бойынша қайталау «Кубизм» әдісі 1. Қандай бөлшектер ондық бөлшектер деп аталады..... 2. Ондық бөлшектерді қалай салыстырамыз..... 3. Жай бөлшекті ондық бөлшекке қалай айналдырамыз..... 4. Ондық бөлшекті жай бөлшек түрінде қалай жазамыз..... 5. Ондық бөлшек түрінде жазуға болатын қысқартылмайтын жай бөлшектердің бөлімдері қандай сандар болады..... 6. Ондық бөлшектің жазылуында үтір қайда қойылады..... Қалыптастырушы бағалау Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруін қадағалау. II. Қызығушылықтарын ояту «Кім жылдам?» әдісі арқылы мына амалдарды орындау (ауызша орындау) . №1. Қосуды орында: $1157+143=2400+500=$ №2. Азайтуды орында: $1690-370=2440-440=$ №3 Тиімді тәсілмен орында: $(4+25)+(35+6)=(25+14)-(5+16)=$ Қалыптастырушы бағалау: Оқушыларға сабақ тақырыбы мен сабақ мақсатын құуды ұсыну Біз қандай амалдарды орындадық? Біз қандай тарауды өтіп жатырмыз? Біздің сабақтың тақырыбыз қандай? Бүгінгі сабақымыздың мақсаты қандай?	Сыныпты геометриялық фигуралармен топқа бөлу Слайд арқылы Көп нүкте қойып,жалғасын табу
Сабақтың ортасы (20)	III. Постер жасау және қорғау 93- беттегі тапсырмаларды көшіріп, шешімін постерге көрсетіп қорғау тапсырма 1) $34,683 + 8,564 = 43,247$ (1-топ) 2) $17,23- 8,45 =8,78$ (2-топ) 3) орындалу жолын тексереді (3-топ) Дескриптор: 1) Ондық бөлшекті қосады 2) Ондық бөлшекті азайтады 3) Тиімді тәсілмен шығарады Қалыптастырушы бағалау IV. Тапсырма: («Қарқын» оқушыларға қосымша жұптық тапсырма) оқулықпен жұмыс №1272 Қосуды орындау: $94-бет 1 0,07+13,23=13.3 9.02+4.28=13.3 18.36+7.14=25.5 2 85.07+3.03=88.1 25.6+0.41=26.01 56+0.37=56.37 4) 6.3+2.5+0.7=9.5 9.2+3.3+1.6=14.1 0.1+9.9+1.5=11.5$ Дескриптор: 1) Ондық бөлшекті қосады 2) Тиімді тәсілмен шығару Қалыптастырушы бағалау Жұптық бағалау жүргізіледі (дұрыс жауапқа «+», қате жауапқа «-» таңбасы қойылады) №1274 Азайтуды орындау: $94-бет 1 6,25-4,3=1.95 15.9-4.75=11.15 7.63-2.51=5.12 2 41-32.5=8.5 6.5-4.7=1.8 18.3-5=13.3 3) 67.45-49.88=17.57 61-7.64=53.36 95-81.08=13.92$ Дескриптор: 1. Ондық бөлшекті азайтады 2. Тиімді тәсілмен шығару Қалыптастырушы бағалау Жұптық бағалау жүргізіледі (дұрыс жауапқа «+», қате жауапқа «-» таңбасы қойылады)	математика 5 сынып, 2-бөлім. Алдамұратова Т.А., Байшоланова Қ.С., Байшоланов Е.С. Алматы «Атамұра» 2017) 93 бет математика 5 сынып, 2-бөлім. Алдамұратова Т.А., Байшоланова Қ.С., Байшоланов Е.С. Алматы «Атамұра» 2017) 94-бет
Сабақтың соңы (7 минут)	V. Шағын тест (жеке тапсырма),ашық тест 1. Қосуды орында: $3,2 + 13,01$ А. 15,21 В. 14,21 С. 16,21 D. 17,21 2. Азайтуды орында: $12 - 5,12$ А. 7,88 В. 6,88 С. 7,98 D. 6,98 3. Қосуды орында: $3 \frac{3}{25}+4,12$ А. 7,37 В. 7,27 С. 7,47 D. 7,17 4. Азайтуды орында: $12,45-12 \frac{1}{4}$ А. 2 В. 0,2 С. 0,02 D. 0,08 Қалыптастырушы бағалау Дұрыс жауапқа «+», қате жауапқа «-» таңбасы қойылады VI. Үйге тапсырма: 1). Міндетті №1273 оқулықтан 94-бет 2).Шығармашыл. Интернеттен іздеп табу, ондық бөлшектің бүтін бөлігін бөлшек бөлігінен үтірмен ажыратуды енгізген кім?	слайд
Рефлексия (3 минут)	Рефлексия «Интервью әдісі». Әр топтан бір оқушы тұрғызылып, төмендегі сұрақтар қою 1. Қалай ойлайсыңдар, біз өз мақсаттарымызға жеттік пе? 2. Көздеген мақсаттан өзге тағы не істедік? 3. Қандай қиындықтар туындады? 4. Сабақ ұнады ма? VIII. Стикер жапсыру Әр оқушы сыныптан кетер алды, өз аты жазылған стикерлерді сабақты түсіну деңгейіне қарай тақтаға ілінген берілген БҰҰ кестеге жабсырып кетеді Білдім Үйрендім Үйренгім келеді	улестірме карточкалар